

# “Колледж Даналык



Операция алды және  
операциядан кейінгі  
кезеңдер

# Жоспар



1. Хирургиялық операция жайлы түсінік
2. Операцияның жіктелуі.
3. Операцияның кезеңі
  - а) Операция алды кезең
  - б) операциядан кейінгі кезең
4. *Операция жасаудың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері*
5. *Жасалар операцияны кезеңі*
6. *Операцияның хауіпті жағдайлары*

*Хирургиялық операция – ағзалар мен тіндерге механикалық әсер ете отырып, емдеу немесе диагноз қою. Операция кейде тіндерді тілу арқылы жасалады*



# Операцияның жіктелуі



- *Операция жасау мақсатына, түбегейлілігіне кезеңіне, түріне, инфицирленуіне және эндобейне тәсілді қолдануына қарай ажыратады*



- **Жасалу мақсатына қарай операциялар** диагностикалық және емдік болып бөлінеді.
- **Диагностикалық операциялардың** мақсаты- диагнозды қорытындылау, патологиялық үрдістіңсатысын анықтау. Олар барлық клиникалық тексеру әдістерін қолданғанда, нақты диагноз қою мүмкін болмаған жағдайда жасалады.
- **Диагностикалық операцияларға** биопсия алу, арнайы және әдепкі хирургиялық әсер ету әдістері жатады. Биопсия алу кезінде, морфологиялық зерттеу үшін, хирург өспенің, не ағзаның бір бөлігін, не ісікті түгел кесіп алады немесе ағзаға, не өспеге теріні тесу арқылы пункция жасайды.





**Инфицирленуіне қарай барлық операциялар шартты түрде төрт дәрежеге бөлінеді;**

1. Таза-асептикалық операциялар-бұл қуысты ағзаларды тілмей, жоспарлы түрде жасалатын операциялар
2. Инфицирлеу қаупі бар таза операциялар-шартты түрде асептикалық операциялар-бұл микробтар кездесуі мүмкін ағзалардың қуысын тілу операциялары, сонымен бірге жасырын инфекциямен жанасатын операциялар.
3. Жоғары дәрежеде инфицирленетін операциялар-шартты инфицирленген-бұл микрофлорамен тікелей жанасатын жағдайлар.
4. Өте жоғары дәрежеде инфицирленетін операциялар-инфицирленген.





*Жасалу кезеңіне байланысты операциялар бір мезетті және көпмезетті болып бөлінеді.*

*Бір мезетті операциялар-бір емдеу шарасын жүргізгенде, науқас түбегейлі жазылып кетеді.*

*Көп мезетті операциялар-науқастың хал-жағдайының ауырлығына байланысты, бірден радикальді операцияны жасау мүмкіндігі және операцияны жасау үшін қажетті шарттар болмағанда немесе хирургтің тәжірибесі жетпеген жағдайларда жасалады.*

*Қайталап жасалған операциялар- бір патологиялық үрдіске бірнеше рет жасалатын операциялар.*



***Түріне қарай***


*Типті*

*Атипті*

*Типті-санның ортаңғы үштен бір бөлігінде аяқты келте кесу, ойық-жара ауруында асқазанның 2/3 бөлігінің типті резекциясы жасалады.*

*Атипиялық-өте сирек жасалады және хирургтың жоғары тәжірибелік қабілетінің белгісі болып табылады.*





а



б

Рис. 3. Беременность 36 нед. Разрыв матки: а – ушивание разрыва; б – отек левой стопы у ребенка



- **Арнайы диагностикалық операциялар-**  
лапароскопия, тораскопия-ішкі қансырауға күдік туғанда, қабыну немесе ісікбар кезде жасалады.
- **Емдік операциялар**
- Бұл науқастың сырқатынан сауығуы немесе жағдайының жақсаруы мақсатында жасалады
- Радикальді операциялар-науқастың аурудан түбегейлі жазылып кетуі үшін жасалады.
- Паллиативті операциялар-науқастың жағдайын жақсарту үшін жүргізіледі, бірақ патологиялық үрдіске ұшыраған ағза алынбайды-ауру денеде қалады.

# Хирургиялық операция үш кезеңнен тұрады



1.

- 1. Операциялық тілік жасалатын жерді анықтау-зақымданған ағзаны ашып, керекті хирургиялық манипуляцияны жасауға арналған

2.

- Операциялық қимыл-операцияның негізгі бөлігі, қажетті емдік және диагностикалық шаралар орындалады.

3.

- 3. Операцияны сақтау-ағзаға жету кезінде, түленген тіндерді бұрынғы қалпына келтіру.





- *.Еліміздің хирургтері жасалар операцияны алты кезеңге бөледі.*
- *Бірінші кезең – науқас адамды операциялық үстелге жатқызу,оны жіптермен сол үстелге байлап тастау.Бұл кезеңді науқастың операциялық қалпы дейді.*
- *Екінші кезең – науқас адамның денесін операцияға дайындау, операция жасалатын жерге ақ жамылғы жауып, қажетті жерін ашық қалдыру.*
- *Үшінші кезең – операция жасалатын тұсты дәрі-дәрмектермен жансыздандыру.*
- *Төртінші кезең – операция жасалатын жерді анықтау.*
- *Бесінші кезең – операциялық қимыл, іс, яғни операцияның өзі.*
- *Алтыншы кезең – операцияны аяқтау.*





## *Операция алдындағы кезең*


*Бірнеше ғасырлар бойы хирургтар анатомияны оқып келеді. Хирургтар операциядан кейінгі өлімді азайту үшін, физиологияны дұрыс түсіну керек екендігіне көзі жетті. Сондықтан, науқасты операция алдындағы және содан кейінгі кезеңдерде дұрыс жүргізіп, оны физиологиялық қалыпты жағдайға келтіру ғылыми тұрғыдан қаралды. Қазіргі кезде хирургтар тек операция жасау тәсілдеріне ғана емес, сонымен қатар науқаста аурудың әсерінен болатын асқыну мәселелеріне де көп көңіл бөлуде.*





# Анестезия жасау





- *Операция алдындағы кезеңнің мақсаты- операция кезінде және содан кейін, мүмкін болатын асқынулардың даму қаупін азайту болып табылады. Операция алдындағы кезең диагноз қойылғаннан кейін, операция жасау керектігі анықталғаннан соң және оны орындау қажеттігі туралы шешім қабылданған кезде басталады. Ол диагностикалық және дайындық кезеңдеріне бөлінеді*





*Операция алдындағы кезең диагноз қойылғаннан кейін, операция жасау керектігі анықталғаннан соң және оны орындау қажеттігі туралы шешім қабылданған кезде басталады. Ол диагностикалық және дайындық кезеңдеріне бөлінеді*

*Диагностикалық кезеңнің екінші міндеті – дененің негізгі ағзалары мен жүйелерінің жалпы жағдайын анықтау болып табылады. Ол науқастан шағымын анықтау, сұрап білу арқылы, оны физикалық тексеруден өткізу барысында анықталады*



- *Операция жасаудың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері*
- *Абсолютті немесе өмірлік көрсеткіштер-бұл науқастың қауіп төндіретін аурулар және олар тек хирургиялық жолмен жойылады. Оларға қансырау, асфикция, құрсақ қуысы ағзаларының жедел аурулары, іріңді аурулар жатады.*
- *Жоспарлы операцияның абсолютті көрсеткішіне қатерлі ісіктер, механикалық сарғаю және т.б жатады.*
- *Салыстырмалы көрсеткіштер-бұл науқастың өміріне қауіп төндірмейтін аурулар, бірақ олар тек хирургиялық жолмен жазылады.*
- *Салыстырмалы көрсеткіші бар жоспарлы операцияларды оптимальді жағдайларды сақтап жасайды.*



- **Науқасты операцияға дайындау**
- *Ең алдымен, хирург науқасқа операция жасау керек екендігін, оның түрін айтып түсіндіреді. Әңгімелесу барысында дәрігер науқасқа операцияның маңызын сендіре білу керек. Барлық операциялар науқастың келісімімен жасалады.*
- 
- *Егер науқас өзіне-өзі жауап бере алмайтын болса немесе естүссіз жағдайда жатса, операцияны науқастың келісімінсіз жасауға болады.*
- *Операцияға дайындау барысында науқастың қосымша ауруларын да емдейді.*
- *Эндогенді инфекцияның алдын алудың маңызы өте зор-ол үшін эндогенді инфекцияның көзін анықтап, операция алдындағы кезеңде емдеп, тазарту керек*



## *Операциядан кейінгі кезең*

*Операция аяқталғаннан бастап, науқастың жазылып шығуына немесе мүгедектікке ауысуына дейінгі уақытты айтады. Операциядан кейін, науқасқа дұрыс ем жүргізілсе, дұрыс күтім жасалса, осы атқарылған жұмыстардың маңызы жасалған операциядан кем болмайды. Операцияның ауырлығы дұрыс бағаланбаса, операциядан кейінгі кезеңде ем жүргізу мен күтім жасауда қателіктер жіберілсе, асқынулардың дамуына, тіпті науқастың өліміне себепші болуы мүмкін.*

*Операциядан кейінгі кезеңде барлық емдеу және күтім жасау шаралары әрбір науқастың жеке-дара жағдайына және аурудың түріне байланысты бағытталуы керек.*

*Операциядан кейінгі кезеңнің мақсаты асқынулардың алдын-алу, оларды уақытысында анықтау және оны емдеу, сонымен бірге науқастың денесінде жүріп жатқан регенерациялық және бейімделу үрдістерін үдетіп, дамыту болып табылады*







*Ол екіге бөлінеді:*

- 1.ерте-операция аяқталғанан бастап, науқас ауруханадан шыққанға дейінгі уақыт.*
  - 2.кеш-науқас ауруханадан шыққанан бастап, жазылып кеткенге немесе мүгедектікке ауысуына дейінгі уақыт.*
- Операциядан кейінгі ерте кезең асқынған немесе асқынбаған болуы мүмкін. Психологиялық стресстің, наркоздың, операциялық жарадағы ауру сезімінің және басқа да факторлардың әсерінен негізгі аурулар мен жүйелердің қызметінде өзгерістер дами*







- *Операциядан кейінгі жағдай, науқастың денесінің негізгі қызметі мен жүйелерінде азды-көпті ауытқулардың болуымен ерекшеленеді және операциядан кейінгі кезеңнің өтуіне әсер етеді. Операциялық жарақатқа науқастың денесі онша көп әсер бермесе, дененен терең өзгерістер болмаса, операциядан кейінгі кезең қалыпты жағдайда деп есептеледі. Операциядан кейінгі кезең бірқалыпты өтіп жатса, науқастың дене қызуы бірнеше күн 37,5-38,0 дейін көтеріліп, операциядан кейін тәбеті біршама бұзылады, бірақ ол тез арада қалпына келеді де, жарадағы ауру сезімі жоғалып, науқас өзін бірте-бірте жақсы сезіне бастайды. Соған қарамастан, науқастың операциядан кейінгі жалпы жағдайына, операция алдындағы дайындық, жансыздандыру, операцияның түрі мен көлеміне байланысты, бірінші кезекте, денеде зат алмасу үрдісінде ауытқулар болады. Сондықтан операциядан кейінгі кезеңде, науқастың денесінде зат алмасу үрдісін қалпына келтіру қажет.*





- *Операцияның хауіпті жағдайлары:*
- *Операция кезінде тамырдан кеткен қан адамды өлім жағдайына әкеп ұрындыруы ықтимал. Қан тамырының өзегі, операция жасалып жатқан мүше, операцияның ұзақтылығы һәм оның қиыншылығы сияқты себептер, хирургты сәл сәт ішінде-ақ қолайсыз жағдайға ұшыратады. Операция кезінде ағзаны ауыртпау әдістері кем болса, науқас адам талма жағдайына ұшырайды. Ол үшін наркоз беріп тұрған анестезиолог-дәрігер кейде жауапқа тартылады. Операция кезінде хирург маманы науқастың жағдайы нашарлап бара жатса, оған қатты көңіл бөледі. Операция жасап жатқан тұстан аққан қанның түсі өзгеріп, қара күреңденіп, науқас адам қимылдамай бастаса, бұлшық еттеріне жан бітіп, оянып кеткеніне көңіл бөлген хирург наркоз күшінің аз болғанына көзі жетеді, оттегінің қан тамырында азайғанын байқап, анестезиолог дәрігеріне наркоз мөлшерін көбейтуін талап етіп, науқасты талма жағдайынан алып шығарады.*

## **Операцияның қауіп қатерлігін төрт дәрежеге бөледі.**

**1. Дені сау адамға жоспар бойынша жеңілдеу операция тағайындалады.**  
Оған: аппендэктомия, жарыққа жасалатын операция, емшектен кішігірім ісікті алып тастау, жатыр қуысын тазалау, әйелдер жынысына операция жасау, денені кесіп, жиналған іріңді сыртқа шығару операциялары жатады.

- **2А. Дені сау адамға бірталай қиын операция тағайындалып, оларға холецистэктомия операциясы, әйелдер жынысындағы қатерсіз ісікті алып тастау операциялары тағайындалады.**
- **2Б. Науқас адамның іш құрлысының мүшелер қызметі қалыптан шықпаған болса, оған 1 дәрежедегі операциялар көлеміндегі операциялар жоспар бойынша жасалынады.**
- **3А. Іш құрлысы мүшелерінің қызметі қалыптан шықпаған, бірақ мұндай науқастар үшін қиын деп саналатын операциялар жасалынады. Ондай операцияларға асқазанның реакциясы, асқазанды біржола алып тастау операциясы, тоқ ішек немесе ішегіне жасалатын операциялар жатады.**
- **3Б науқас адамның іш құрылыс мүшелерінің қызметі қалыптан шығып кету жағдайында тұрғандықтан, ондай адамда ұзаққа созылмайтын, жеңіл деп есептелетін операциялар тағайындалады.**
- **4. Науқастардың жалпы жағдайы қиын мүшкіл болады. Хирургиялық ауруы бар науқасты өлімнен тек қана операция жолымен алып қалуға болатынын біліп отырған дәрігер сол науқаста, сол мезетте қосымша басқадай тағы да көптеген аурулар барын еске алуы тиіс. Қосымша ауру ретінде жүрек инфарктісі, немесе талма жағдайы, қатты қансырау жағдайы, жайылма периотанитауруы, дененің сарғыштанып кеткен жағдайы, бүйрек немесе бауыр қызметінің кемістігі қосылып, операцияның қауіп-қатерін үдете түседі.**

